

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚҰҚЫҚ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛІСІНІҢ №__2__ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

25.11. 2025 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – Тұрлыбеков Қ., АК мүшелері, академиялық персонал – Иманбекова М., Мергенбаев Е., Губайдуллин М., Қожамбеков Д., Алимбаева А., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Исахов Р., Турегельдиева А., АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Жадигерова А., Сайлаубек Б., Құрманбек Д., Ақжігіт Г., Айдархан Ә.

Күн тәртібі:

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау.
2. Бакалавр, магистратура деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру.
3. Қараша, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АК төрағасы Қ.А.Тұрлыбеков мәжілісте сөз бастап, «Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық». «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы, университеттің Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі және білім беру бағдарламасы т.б. ережелерді негізге ала отырып дайындалғанын атап өтті. Бағдарлама жасау барысында көрсетілген ережелерге сәйкес болуын қадағалау қажеттілігін қатаң атап өтті.

Осыған ақпараттарға байланысты АК мүшелерінің өзіндік пікірлері мен ұсыныстары тыңдалып ескерілді.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, Иманбекова М., алды: 2025-2026 Оқу жылына 6В04281 ББ бойынша негізгі оқу жоспарын толықтыру енгізу барысында әзірлеу жұмыстарының жоспары негізінде, әзірлеуді қамтамасыз етуге жұмыла қатысуы керек екені айтылды. Күн тәртібіндегі Бакалавр, магистратура деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру жұмыстарының постмонитринг есептерін түсіндіріп өтті. Сонымен қатар

БВ04281 ББ бойынша негізгі оқу жоспары мәселелерін жеке –жеке талдау барысында ұсыныстарымен бөлісті. Оқыту мен оқу үдерісі студенттердің білім беру үдерісіне белсенді қатысуы, икемді оқу жоспарлары мен білім беру траекторияларының болуы, оқыту мен бағалау әдістерін таңдауда студенттердің пікірін ескере отырып, элективті пәндер мен оқытушыларды таңдау еркіндігі, студенттерге дайын ақпаратты беруден бастап, студенттердің қажетті құзыреттіліктерді белсенді түрде тәуелсіз меңгеруін, осындай процестің кеңесшісі лауазымына дейін ұйымдастырушы ретінде оқытушының жаңа ұстанымын таныстыру барысында қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жақандығы түсіндіріліп өтті.

АК төрағасы Тұрлыбеков Қ. Құрметті АК мүшелері Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек екенін айтты. Оқыту мен оқу процесінің икемділігі студенттердің оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал ететінін, білім беру процесінде қолданылатын оқыту әдістері мен құралдары заманауи, тиімді болуы тиіс екенін атап өтті. Сонымен қатар олар цифрлық мәдениеттің дамуын қамтамасыз етуге, тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге және студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы керек екенін айтты. Сондай-ақ студенттің оқу жүктемесі оның жеке қабілеті мен мүмкіндіктерін ескере отырып құрастырылуы тиіс екенін жеткізді. Оқу жоспары білім беру бағдарламаларының деңгейлері бойынша барлық құрамдастар мен элементтердің толық бейнеленуімен айқындалады.

Білім алушылар сапаны қамтамасыз етудің барлық ішкі және сыртқы процестеріне қатысуда. Әр пәннің оқытылуын бағалау үшін білім алушылардан жүйелі түрде сұрау алу, білім алушыларға сауалнама нәтижелері туралы және қажет болған жағдайда оқу үдерісіндегі түзетулер туралы ақпарат беру қажеттілігімен айқындалады. Бұл мәселені талқыладық, алда атқарылар жұмыстар көп. Ауқымды жұмыстарды бірлесе атқарсақ, барлық мәселелер өз шешімін табады деп сенеді.

Шешім:

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылды, аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірленуде, бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалсын.
2. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Тұрлыбеков Қ

Хатшысы:



Мергенбаев Е.